КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2026 жылғы 25 мамыр 3514-26-00-2/1470 Қарағанды қаласы

Қарағанды облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында
төрағалық етуші судья А.А. Жунусова,
сот отырысының хатшысы Г.Е.Диярованың қатысуымен
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланының «Орталық» өңірлік қолбасшылығы - 6800 әскери бөлімі республикалық мемлекеттік мекеме

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «КП» Евгения Рудольфовна Поверина

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Г.Асембаева, талап қоюшының өкілі Н. Ертай

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланының «Орталық» өңірлік қолбасшылығы - 6800 әскери бөлімі республикалық мемлекеттік мекемемен (бұдан әрі – ММ, тапсырыс беруші) жеке кәсіпкер «КП» Евгения Рудольфовна Поверинамен (бұдан әрі - ЖК, орындаушы) арасында 2026 жылдың 5 ақпанда «Генератор жетегінің белдігі» тауарын жеткізу туралы мемлекеттік сатып алу №970840002749/260332/00 шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

Шарттың сомасы – 34 999,99 теңге.

Шарт бойынша қызмет көрсету мерзімі - қазынашылық органдарында шарт тіркелген күннен кейінгі күннен бастап 15 жұмыс күні.

Шарт қазынашылық органдарда 2026 жыдғы 5 ақпанында тіркелген. Соңдықтан, тауар жеткізу мерзімі - 2026 жылдың 26 ақпанына дейін бегітілген.

Алайда, жауапкер шарт бойынша өзіне алған міндеттерін орындамағандықтан, шарт бір жақтай бұзылды.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, 1 225 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюымен сотқа жүгінді. Талап қою жауапкердің шарт бойынша өзіне алған міндеттерін орындамағанымен негіздеген.

Талап қоюшының өкілі талап қоюды колдап, оны қанағаттандыруды сұрады. Шарт бір жақтай бұзылды.

Жауапкерге сот отырысының өткізілетін орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғанымен, сотқа келген жоқ, мобильдық колданба арқылы сот отырысына қосылу туралы мәлімен жіберген жоқ. Қазақстан Республикасының Азаматтық процессуалдық кодексінің (бұдан әрі – АПК) 196 - бабының 4 - тармағына сәйкес, сот істі жауапкер қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талабы бойынша.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабына сәйкес міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң), 8-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотпен, мемлекеттік сатып алу «баға ұсынысы» тәсілімен жүргізілгені және оның қорытындысы бойынша тараптар арасында шарт жасалғаны анықталды.

Демек, орындаушы мемлекеттік сатып алуға қатысып, шартта көрсетілген талаптарымен танысып, тапсырыс берушімен келісімге қол қойып, тауар уақытында жеткізуына келісті және міндеттеме алды.

Тауар жеткізу мерзімі – 2026 жылдың 26 ақпанына дейін бекітілді.

Алайда, жауапкермен тауар жеткізілмеген, шарт бір жақтай 2026 жылдың 2 сәуірде бұзылды.

Сот, жауапкердің өзіне алған міндеттемелердің орындамағанын анықтады.

Талап қоюшы осы талаппен сотқа 2026 жылдың 13 сәуірінде «Төрелік» АЖ сот кабинеті арқылы жүгінді, ал шарт бір жақтай 2026 жылдың 2 сәуірінде бұзылды.

Іс қарау кезінде шарт бұзылғанын анықтап, сот, талап қоюшымен Заннамада көрсетілген мерзім сақталған деп есептейді.

Құжатқа қол қойылған: Жұнусова А. А., 28.05.2026

Заңды күшіне енген күні: 30.06.2026, судья Жұнусова А. А., 02.07.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚР АПК-нің 72 - бабын бұза отырып, жауапкермен талап қоюшының дәлелдемелерін теріске айналдыратын ешбір дәлел келтірген жоқ.

Осыған орай, талап қоюшының №1 талабы негізді болып танылады, сондықтан, қанағаттандырылуға жатады деп есептейді.

№2 талабы бойынша.

АК – нің 359-бабының 1-тармағына сәйкес борышқор кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

Шарттын 7.3 тармағына сәйкес, тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады)не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткенәрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-ынан аспауға тиіс.

Талап қоюшы жауапкерден 1 225 теңге (34999,99 теңге х 0,1% х 35 күн) тұрақсыз айыппұлды өндіруді сұрайды, сот, айыппұлды есептеумен келіседі.

АПК-нің 225-бабының 2-тармағына сәйкес, сот істі талап қоюшы мәлімдеген талаптар шегінде шешеді.

Жауапкер, АПК-нің 72 бабын бұза отырып, дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды сотқа келтірген жоқ.

Осыған орай, бұл талапты қанағаттандырылуға жатады деп есептейді.

АПК-нің 109, 117 - бабының 1 - тармағына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 2200 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот, ҚР АПК-нің 223-226 баптарын, 403-бабын басшылыққа ала отырып,

Ш Е Ш Т І:

«Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланының «Орталық» өңірлік қолбасшылығы - 6800 әскери бөлімі республикалық мемлекеттік мекемесі жауапкер «КП» Евгения Рудольфовна Поверинаға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «КП» Евгения Рудольфовна Поверина мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Жұнусова А. А., 28.05.2026

Заңды күшіне енген күні: 30.06.2026, судья Жұнусова А. А., 02.07.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жеке кәсіпкер «КП» Евгения Рудольфовна Поверинадан мемлекет кірісіне 1225 (бір мың екі жүз жиырма бес) теңге тұрақсыздық айыбы, 2200 (екі мың екі жүз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья Жунусова А.А.

Көшірме дұрыс

Судья Жунусова А.А.

Құжатқа қол қойылған: Жунусова А. А., 28.05.2026

Заңды күшіне енген күні: 30.06.2026, судья Жунусова А. А., 02.07.2026

3514-26-3-1/1714